

6D030100 - «Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне ізденуші Амирова Меруерт Аскаровнаның «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік сатып алу саласын реттейтін заңнамасын жетілдіру және құқық қолдану тәжірибесінің өзекті мәселелері» тақырыбына ұсынған диссертацияға ғылыми кеңесшінің ШҚІРІ

Амирова Меруерт Аскаровнаның «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік сатып алу саласын реттейтін заңнамасын жетілдіру және құқық қолдану тәжірибесінің өзекті мәселелері» тақырыбына орындалған диссертациясы Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жан-жақты зерттеуге, оның нәтижесінде саладағы заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеуге бағытталған. Сонымен қатар, ұсынылған жұмыста Қазақстандағы мемлекеттік сатып алуды дамытудың қазіргі заманғы үрдістері кеңінен талданған.

Докторант бүгінгі күннің даму тенденцияларын ескере отырып мемлекеттік сатып алудың рөлін қайта қарауды ұсынады. Яғни, мемлекеттік сатып алуды басқару функциясы ретінде емес, экологиялық, экономикалық және әлеуметтік даму саласындағы орнықты даму жөніндегі стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу құралы ретінде қарастыру қажет деген түйінге келген.

Сонымен қатар, аталған диссертация отандық мемлекеттік сатып алу саласында қарқынды реформалар жүргізілу кезеңінде орындалды. Елдің мемлекеттік сатып алуды реттеу жүйесінде көптеген заңнамалық актілер, күрделі технологиялық шешімдер қабылданды, билік пен бизнес қауымдастық және қоғам арасында өзара іс-қимылдардың түбегейлі жаңа негіздері рәсімделуде. Жүйені жетілдіру мақсатында «Мемлекеттік сатып алу туралы» жаңа заң қабылданғаны белгілі. Жаңа заң 2024 жылдың 1 шілдесінде қабылданды, 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енуі жоспарланған.

Осы тұрғыдан алғанда М.А. Амированың диссертациялық жұмысының ғылыми жаңалығы бар, зерттеу тақырыбы өзекті.

Докторант отандық мемлекеттік сатып алу жүйесі тұрақты дамуда және соңғы жылдары айтарлықтай ілгерілеуді көрсетіп келеді деген қорытынды жасайды. Саланы реттейтін отандық заңнама халықаралық нормаларды қамтиды, сондай-ақ қазақстандық мемлекеттік сатып алу нарығының қажеттіліктеріне бейімделген, еліміздегі сауда саттықтың жүргізілу ерекшеліктерін ескереді. Ол мемлекет функцияларын орындау үшін тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуда тапсырыс беруші ретінде мемлекеттің, мемлекеттік органдардың қажеттіліктерін қамтамасыз етеді, сондай-ақ барлық өнім берушілердің бәсекелестік негізде қандай да бір кемсітусіз қатысуын қамтамасыз етуде.

Ұлттық заңнаманы жетілдіруде әлемдік үрдістер мен тәжірибені зерттеп отыру маңызды. Сондай-ақ, мемлекет пен халықтың мүддесі үшін қажетті тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді алуды жеделдету үшін процесс

кезеңдері арасындағы уақытты қысқарту қажеттілігіне деген сұраныс байқалады.

Диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі де осы мемлекеттік сатып алу саласын реттейтін заңнаманы жетілдіру мен құқық қолдану тәжірибесіндегі мәселелердің ерекше маңызға ие болуымен байланысты.

Зерттеудің теориялық маңызы да жоғары, оны келесілерден көруге болады: жұмыста зерттелетін мәселе бойынша саланы реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасын одан әрі жетілдіруге және прогрессивті дамытуға өз үлесін қосатын теориялық қорытындылар беріледі, көтерілген мәселелерді шешу бойынша ұсыныстар ғылыми және құқық қолдану тәжірибесінде қолданылуы мүмкін. Сондай-ақ зерттеудің тәжірибелік маңыздылығын беретін диссертациядағы ұсыныстар мен қорытындылар Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының қызметінде қолданыстағы ұлттық заңнамасын жетілдіру бағытында пайдаланылуы мүмкін. Зерттеудің негізгі ережелері қаржылық-құқықтық пәндерді оқыту кезінде жоғары оқу орындарының оқу процесінде, сондай-ақ осы бағыттағы одан әрі ғылыми зерттеулерде қолданылуы мүмкін.

М.А. Амирова зерттеу барысында талқыланған ғылыми әдебиеттерде кездесетін әртүрлі анықтамалар мен түсіндірмелерді, ұлттық заңнаманың ерекшеліктері мен қағидаларын ескере отырып мемлекеттік сатып алуға өзінің авторлық анықтамасын ұсынады. Сондай-ақ, зерттеу нәтижесінде саланы реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасын одан әрі жетілдіруге және прогрессивті дамытуға өз үлесін қосатын теориялық қорытындылар берілген, жаңа үрдістерді ескере отырып заңнаманы жетілдірудің жолдары ұсынылған.

Диссертацияның мазмұны жүйелі және негізді. Жұмыстың жоспары зерттеу объектісін кешенді түрде қарастыруға, көтерілген мәселелерді кеңінен талқылауға мүмкіндік береді. Автормен жасалынған қорытындылар мен ұсыныстар негізді, ішкі біртұтастығымен, жаңашылдығымен және ғылыми маңыздылығымен ерекшеленеді.

Бұл ғылыми зерттеу мемлекеттік сатып алуларды құқықтық реттеу бағытында мемлекеттік тілде жазылған алғашқы диссертация болып табылады.

Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік сатып алу саласын реттейтін заңнаманы жетілдіру мәселелеріне арналған кешенді зерттеу нәтижесі болып табылады және орындалған жұмыс мұндай зерттеулерге қойылатын талаптарға сәйкес келеді, ал оның авторы Амирова Меруерт Аскарровна 6D030100 - «Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты.

Ғылыми кеңесші:

«Alikhan Bokeikhan University»
білім беру мекемесі,
«Азаматтық-құқықтық пәндер»
кафедрасының меңгерушісі,

Қаңт айында ұсыныс кандидаты

Ф.Т. Ибрагимова

КАДР БӨЛІМІ

14.11.2024 ж.т.

Ибрагимова Ф.Т.



Ибрагимова Ф.Т.